


ОРИЕНТАЛИЗМ

«Мәдени үстемдік», «мәдени
гегемония» ұғымдары





Мақсаты: Эдвард Саидтің Батыс ғалымдарының Шығыс мәдениетін зерттеуде қолданған әдістеріне көзқарасын анықтау. Тақырыпқа қатысты негізгі терминдермен, ұғымдармен танысу.

Біз алдыңғы дәрістерде Эдвард Саидтің «Ориентализм» еңбегінде оның Батыс ғалымдарының Шығысты, оның қоғамы мен мәдениетін, әдебиеті мен тілін зерттеуде қолданған ұстанымдары мен әдістерін, яғни қалай зерттегенін өткір сынағанын айтқан болатынбыз.

Саид Шығысты зерттеу үшін алдымен оны түсіну керек екенін басты талап етіп қояды. Ал оны түсіну үшін оның тарихы мен дәстүрін, ойлау жүйесін, шынайы табиғаты жайлы білім бірінші кезекті, негізгі мәселе деп санайды. Саид ориентализмге дискурс ретінде қарауды ұсынды, себебі, ол өзінің айтуынша «Европа мәдениеті Шығысқа ориентализмнің арқасында билік етті, тіпті оның саясаты, әлеуметтік жағдайы, идеологиясы, әскері мен ғылымына дейін осы ориентализм арқылы әсер етті» деген көзқарасты ұстанады. Ол жөнінде былай дейді: «Ориентализм үлкен беделге ие болғаны соншалық, Шығыс туралы жазғандардың, ойлағандардың немесе онда қызмет еткендердің (яғни ғалымдар, саяхатшылар, суретшілер, дипломаттардың) ешбірі өздерінің ойы мен әрекетіне ориентализм қойып тастаған шектеулердің аясынан шығып кете алмағанына сенімдімін. Қысқаша айтқанда, ориентализмнің әсерінен Шығыс ешқашан еркін ой мен қызметтің нысаны бола алмады. Бұл ориентализм Шығыс туралы айтылған мен жазылғанның барлығын біржақты етіп анықтап береді дегенді білдірмейді, керісінше, бұл «Шығыс» деп аталатын ерекше болмысқа қатысты істің бәрінде тұтастай мүдделер жиынтығы тұратынын білдіреді».

Саид өзінің идеясын түсіндіру үшін италиялық философ, тарихи айналым теориясының (яғни қоғамдық тарих бір кезеңді шексіз қайталаумен болады) дейтін теорияның авторы – **Джанбаттиста Виконың (1668–1744)** «әр халық өз тарихын өзі жасайды, әр халықтың білімі оның қызметі мен іс-әрекетінің жемісі» деген белгілі тұжырымын басшылыққа алады. Ол Шығыс та дәл Батыс сияқты идея және ол өзінің тарихы, ойлау дәстүрі, қиялы, сөздік қоры бар дербес идея деп санайды. Бұл идея оны Батыстың алдында нақты таныта алатынын және бастапқыда географиялық ұғым болып табылатын Батыс пен Шығыс қоғам және мәдениет ретінде бір-біріне қолдау көрсетіп қана қоймай, белгілі бір дәрежеде бірін-бірі танытып отыратынын нақтылайды.

Бұл «Шығыс болмаса, Батыс болмайды, Батыс болмаса, Шығыс та болмайды», біріне бірі қарсы тұру арқылы олар дамиды деген ойды еске салады. Мысалы, бір тарап екінші жақты сынға алу арқылы оның дамуына түрткі болады немесе бір тарап екінші жақтың жетістігі немесе кемшілігінен ой түйіп, сабақ алады, тәжірибе жинайды. Бұл әртүрлі орта немесе қоғамда тәжірибе жүзінде дәлелденгені белгілі.

Саид бұл идеяны дамыта келе өзінің **әдістемесінің** негізі болып табылатын үш қағиданы ұсынады.

Біріншісі, «Шығысты тек адамның қатысымен жасалған идея және ол идея шынайы қоғам мен өмірден алшақ тұрады деп қана түсіну қисынсыз» деген оймен байланысты. Шығыс бұл – шындық, нақтылық. Ориентализм феноменін зерттеу – ол ориентализм мен Ориент (Шығыс) арасындағы сәйкестікке емес, идеология ретіндегі ориентализмнің өзі мен оның Шығысқа қатысты идеяларының арасындағы ішкі үйлесімге сай жүзеге асады.

Екіншіден, кез келген елдің немесе аймақтың ойы мен идеясын, мәдениетін, тарихын оның, яғни сол елдің күш-қуатын, нақты айтқанда билігін есепке алмай толық түсіну немесе оқып-зерттеу мүмкін емес. Саид Шығыстың қолдан жасалғанына немесе «шығыстандырылғанына» («The Orient was Orientalized» – Шығыстың Шығыс етілгеніне) сену, әрі бұның тек заңдылық қана екеніне сеніп қоя салу – шындықтан алыс тұру деп бекітеді. Ол Батыс пен Шығыстың арасындағы қарым-қатынас дегеніміз – бұл биліктің, үстемдіктің, сондай-ақ сан алуан деңгейдегі жалпы гегемонияның қарым-қатынасы екенін айтады. Мысалға К. М. Паниккардың «Азия және Батыстың үстемдігі» еңбегінің атауын келтіреді. Бұл жерде Саидтің «мұның барлығы тек Шығыстың әлемде бар болғанының ғана арқасында емес, сонымен бірге (Батыстың) оны Шығыс ете алғанының («it could be made Oriental») арқасында жүзеге асты» деген пікірі назар аудартады, яғни Батыс өзінің Шығыстан үстемдігін танытты, ал Шығыс болса, соған өзі жол берді. Бұл, сонда оның Батыстың Шығысты «Шығыс етуінде» үстемдік, күш жатыр деген ойын білдіреді.



Үшінші қағида алдыңғымен өзектес және оны толықтыра түседі. «Ориент европалықтардың Шығыс туралы өткінші фантазиясы емес, бірнеше ұрпақтың жылдар бойы қыруар материалдық ресурстар жұмсау нәтижесінде туған теориясы мен тәжірибесі. Жұмсалған инвестициялар ориентализмді Шығыс жайындағы білім жүйесі, Батыстың санасына Шығыс арқылы жеткізілген өзіндік құрал етті». Бұл ойын бекіту үшін Саид италиялық зерттеуші **Антонио Грамшидің (1891–1937)** тұжырымдарын келтіреді. Грамшидің бұл тұжырымы тек материалдық қана емес, сонымен бірге идеологиялық факторлардың рөлінің маңыздылығына байланысты.

Грамшидің теориясы бойынша билеуші таптың үстемдігі зорлық-зомбылыққа ғана емес, келісімге де негізделген. Үстем тап билейді, әлсіз тап онымен келіседі. Меншікке ие болу биліктің экономикалық негізі үшін жеткіліксіз – ол, яғни меншік оның иелерінің үстемдігіне автоматты түрде кепіл бола алмайды және тұрақты билік тек меншік арқылы қамтамасыз етілмейді. Осылайша қандай тап билік етсе де, екі негізге, яғни күш пен келісімге сүйенеді. Келісімнің жеткілікті деңгейге жеткен түрін Грамши гегемония деп атайды.

Гегемония – [грек, *hegemonia*] грек тілінен аударғанда басымдық, үстемдік мағыналарын беретін, қандай да бір әлеуметтік субъектінің басқа субъектілерге қатысты саяси жүйеде, мәдениетте немесе дінде жетекші рөлін анықтайтын ұғым, мысал ретінде марксизмдегі пролетариат гегемониясын атауға болады. Жетекші рөл шешім қабылдау басымдығы анағұрлым күштірек субъектіге тиесілі болады, ал оның әлсіздеу әріптестері өз мүдделеріне сәйкестендіріліп ұсынылған баламамен ерікті немесе еріксіз келіседі. Гегемонияның қайнар көзі басқа елдердің, халықтардың, қоғамның бір бөлігінің өз еркін өзгеге күшпен таңатын фашистік, нәсілшілдік, национал-шовинистік және басқа антидемократиялық көзқарастар болып табылады.

Грамшидің айтуынша «гегемония – қол жеткізгеннен кейін қатып қалған нәрсе емес, керісінше нәзік және динамикалық, үздіксіз процесс». Гегемонияға қоғамда зияткерлік ахуалды қалыптастыратын идеологтар өздерінің іс жүзіндегі қызметтері арқылы қолдау жасайды. Грамши зиялы қауым/интеллигенция түсінігін органикалық (жұмысшы тап) және билікке қызмет ететін ақыл-ой еңбегінің өкілдеріне бөледі, яғни бұл жерде әдетте дәстүрлі түрде зиялы деп саналатын топтың іс жүзінде жеке тап емес, олар да биліктің жалдамалы қызметшілері екені айтылып тұр. Іс жүзінде органикалық зиялы қауым бұл таптың ең белсенді тобы болып табылады. Мұнымен бірге дәстүрлі ұғымдағы зиялылардың міндеті – биліктің идеологиясына қызмет ету болса, органикалық топ оны жұмысшы табының мүддесіне сай етіп өзгертуді талап етуі тиіс. Грамши өзінің табының мүддесін қорғау үшін саяси күреске белсенді араласу арқылы кез келген адам органикалық зияткер/интеллектуал бола алады деп қорытады.

Гегемония мемлекетте азаматтық қоғамның партиялар, кәсіподақтар, білім беру және мәдениет мекемелері, шіркеу, БАҚ және т.б. сияқты құрылымдары арқылы жүзеге асады. Грамши азаматтық қоғам идеологиялық құрылымды түзесе, «саяси қоғам» мемлекеттік аппараттың құралы деп анықтайды. Грамши «қарапайым адамдар» мен зиялы қауым арасында тығыз байланыс болуы қажеттігін, бұқараның үнемі зияткерлік тұрғыдан өсуі тиістігін көрсетеді, яғни зиялы қауымның міндеті – мәдениет жетістіктерін халыққа жеткізіп, бұқара арасында тарату, сол арқылы практикалық қызмет ету екенін айтады. Жазушының халық алдындағы жауапкершілігі, өнердің белсенді қоғамдық рөлі жайлы идеяны қорғайды.

Эдвард Саид Грамшидің аталған қағидаларына толықтай сүйене отырып, өз еңбегінде оның қоғамды азаматтық және саяси деп бөлу ұстанымын мақұлдайды: «Грамши қоғамды азаматтық және саяси деп екі топқа бөліп, пайдалы талдау енгізді. Олардың біріншісі мектеп, отбасы, одақ сияқты ерікті бірлестіктерден, ал екіншісі саясатта билікке ие әскер, полиция, шенеуніктер сияқты мемлекеттік құрылымдардан тұрады. Мәдениет, әрине, азаматтық қоғам аясында өмір сүреді, онда идеялардың, құрылымдардың және басқа адамдардың ықпалы үстемдік арқылы емес, Грамши атағандай келісім арқылы жүзеге асады». Саид Грамшидің осы көзқарасын өзі де қолданады.

Ол да мәдениет азаматтық қоғамда үстемдік арқылы емес, келісім жолымен тарайды деп санайды: «кез келген тоталитарлық емес қоғамда белгілі бір идеялардың ықпалы басқаларына қарағанда күштірек болатыны тәрізді, тоталитарлық емес кез келген қоғамда белгілі бір мәдени формалар басқаларына қарағанда үстем болады; Грамши гегемония деп атаған мұндай мәдени көшбасшылықтың формасы индустриалды Батыстың мәдени өмірін түсіну үшін



таптырмас концепт болып табылады. Бұл дәл осы гегемония немесе мен осыған дейін айтқан ориентализмге тұрақтылық пен күш, қуат беретін мәдени гегемония қызметінің нәтижесі».

Саидтің пікірінше мәдени гегемония немесе көшбасшылық – бұл қандай да бір қоғам үстемдігінің негізі немесе бастауы; бұның жүзеге асуына мүмкіндік берген жағдай Европаның идеологиясы, яғни Европа мәдениетінің гегемон болуына оның (гегемондықтың) негізгі құрамдас бөлігі – Европаның өзін-өзі тануы себепкер болды, бұл үстемдік оның басқа халықтар мен мәдениеттерге қатысты алғанда өзін басқалардан артық санауына негізделгендіктен нәтижелі жүзеге асты дегенді білдіреді. Сондықтан Саидтің ойынша ориентализм өз стратегиясында Батыс адамының айтарлықтай көп күш жұмсамай-ақ Шығыспен қатынас орната алуына әкелетін осы «икемді» үстемдікке сүйенді. Бұған қатысты Саид «Европа Ренессанстан бүгінге дейінгі үстемдік еткен тұста басқаша болуы мүмкін бе еді?» деп сұрақ қояды да оған өзі тікелей ашық жауап береді:

«Ғалым, зерттеуші, миссионер, саудагер немесе солдат Шығыста тұрды немесе ол жайлы ой қорытты, себебі Шығыс оның тұруына немесе ойына ешбір қарсылықсыз мүмкіндік берді. XVIII ғасырдың соңынан бастап Шығыс жайлы тұтастай білім саласы бойынша және батыстық гегемонияның аясында академиялық зерттеуге, музейдегі көрмеге, отарлық мекемедегі өзгерістерге, адамзат пен әлем жайлы антропологиялық, биологиялық, лингвистикалық, нәсілдік, тарихи зерттеулерге қолайлы біртұтас Шығыс пайда болды. Ол зерттеулер дамудың экономикалық, әлеуметтік теориялары, мәдени, ұлттық немесе діни сипаттағы төңкеріске мысал ретінде қолданылды».

Саид осылайша европалық идеяның Шығысқа қатысты гегемониясын қатаң сынға алады: ол мәдени гегемония тұрақты түрде Батыстың Шығысқа қатысты үстемдігін көрсетуде, Европа Шығыс елдерінің артта қалушылығын дәлелдеп бағуда, сол арқылы басқаша, еркін ойлай алатын немесе бұған күмәнмен қараушылардың болуы мүмкіндігіне жол бермей, осы пікірді, яғни Шығыстың артта қалушылығын жаппай сіңіруде деп санайды.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары

1. Мәдени үстемдік дегенді қалай түсінесіз?
2. Батыстың Шығысқа мәдени үстемдігі қалай жүрді?
3. Гегемония дегеніміз не? Мысал келтіріңіз.

Өздік жұмыс тапсырмалары

1. А. Грамшидің гегемония теориясына талдау жасаңыз.
2. Эдвард Саидтің «Батыстың шығысқа мәдени гегемониясы» жайлы көзқарасын түсіндіріңіз.

Ұсынылатын ресурстар

1. Said Edward W., Orientalism. London: Penguin, 2003. – 396 p.
2. Эдвард Саид, Ориентализм. «Русский мир», 2006.
3. Грамши А., Тюремные тетради. Часть I. – М.: Издательство Политической литературы, 1991. ISBN 5-250-00897.
4. <https://kk.wikipedia.org>.